



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

2023 жылғы 14 қыркүйектегі № ДС-311 сауалға

Құрметті депутаттар!

«Fly Arystan» лоукост-авиатасымалдаушысына қатысты сұрауыңызды қарап, төмендегілерді хабарлаймын.

«Fly Arystan» авиабилеттерінің құнын төмендетуге қатысты.

«Fly Arystan» тарифтік желісі өзгерген жоқ, алайда халық тарапынан сұраныстың өзгеруі және жолаушылар санының жыл сайынғы өсуі авиабилеттердің түпкілікті құнына әсер етеді.

Мәселен, «Fly Arystan» ақпараты бойынша Астана – Ақтөбе бағыты бойынша (қашықтық 1 007 км) ең төменгі тариф 8 581 теңгеден 50 081 теңгеге дейін, Алматы – Атырау бағыты бойынша (қашықтық 2 003 км) - 15 328 теңгеден 63 538 теңгеге дейін.

Қазақстандық авиатасымалдаушылар сұраныстың маусымдылығы, белгілі бір кезеңдер үшін сұраныстың елеулі ауытқуы, әуе кемесінің түрі, орындардың саны, рейстің ұшу уақыты, сондай-ақ авиабилетті сатып алу күні (ұшуға дейінгі күндер саны) сияқты нарықтық факторлар негізінде айқындалатын динамикалық баға белгілеуді пайдаланатынын атап өткен жөн.

Сонымен қатар, халықаралық тәжірибеге сәйкес авиабилеттерге баға белгілеу заңмен реттелмейді.

Бұл ретте, егер авиакомпания бағаны негізсіз көтерсе, Кәсіпкерлік Кодекске сәйкес монополияға қарсы ден қою шаралары қолданылады.

Осыған қарамастан, әуе кемелеріне, оларға қосалқы бөлшектер мен техникалық қызмет көрсету құнының артуына қарамастан, қазақстандық авиакомпаниялардың авиабилеттерінің құны өзгерген жоқ.

Жеке заңды тұлға ретінде «Fly Arystan» бөлуге қатысты

Бүгінгі таңда «FlyArystan» құрылымдық бөлімшесін жеке заңды тұлғаға бөлудің кезеңдік жоспары әзірленді.

«FlyArystan» АҚ Жарғысы бекітілді, сондай-ақ қайта тіркеу рәсімдері жүзеге асырылады, компанияның ұйымдық құрылымын қалыптастыру, әуе кемелерін беру және «FlyArystan» АҚ қызметінің басқа да бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілуде, оның ішінде кірістер мен шығыстарды бөлек есепке алуды енгізу көзделген.

Пайдаланушының жеке сертификатын алуға құжаттарды беру «FlyArystan» АҚ ағымдағы жылдың 4 тоқсанында жоспарланып отыр.

Бұл шаралар бәсекелестік ортаның дамуына, нарық субъектілері арасындағы бәсекелестік жолымен авиабилеттер құнының төмендеуіне оң әсер етеді.

Жалпы, авиатасымалдау мәселелері тұрақты бақылауда.

А. Смаилов

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі
депутаттарының тізімі**

«Ақ жол» фракциясының депутаттары

Е. Бейсенбаев
А. Перуашев
Д. Еспаева
Е. Барлыбаев
Қ. Иса
А. Садықов

«АМАНАТ» фракциясының
депутаттары

М. Жайымбетов
Д. Исабеков
С. Пономарев

«АУЫЛ» фракциясының депутаты

Т. Серіков

«Қазақстан Халық партиясы»
фракциясының депутаттары

Г. Танашева
К. Сейтжан

«Respublica» фракциясының депутаты

Н. Тау